

**«ҚАЗАҚТЫҢ ШЫНАЙЫ ПОЭЗИЯСЫНДА ӨШПЕС ІЗ
ҚАЛДЫРҒАН, МҰЗБАЛАҚ, АҚИЫҚ АҚЫН -МҰҚАҒАЛИ
СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ МАҚАТАЕВ»**

Миралиева Диана Нұрмуқан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Жандос Абдазимович Байзаков**

E-mail: diananurmuxan2@gmail.com

Аннотация: Есімі бұл күнде бар қазаққа мәшһүр. Халқымыз мұзбалағы, ақиық ақыны. Өз кезеңінде лайықты бағасын ала алмасада, өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақын, қазақтың лирик ақыны-Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтің өмірбаяны, қысқа ғана ғұмыры барысында, басынан өткізген шытырман шырғалаңы. Ақынның қазақ поэзиясында алған орны, поэзиядағы алғашқы қадамдары, атақты өлеңдері, өлеңдерінен үзінділер. Сондай-ақ, ақынның заты өлседе, аты өлмегендігі жайында, көптеген жәнеде қызықты мәліметтер ұсынылады.

Кілітті сөздер: Мәшһүр, мұзбалақ, ақиық ақын, шытырман шырғалаң, екі туылған күн, атақты өлеңдер, өлмес өнер, ақын поэзиясы.

**«MUZBALAK A PURE POET WHO LEFT AN INDELIBLE MARK ON
REAL KAZAKH POETRY-MUKAGALI SULEYMENULY MAKATAEV»**

Abstract: The biography of Mukagali Suleymenuly Makataev, whose name is famous today, the poet of our people, the poet of the ice, the poet of our nation, who did not get the proper appreciation in his time, the poet with a high status for those who

came after him, Mukagali Suleymeuly Makataev, the adventure he experienced during his short life, The position of the poet in his poetry, his first steps in poetry, his famous poems, excerpts from his poems, Also, a lot of interesting information about the fact that the poet's body is dead, but his name is not.

Key words: Famous, ice poet, clean poet, adventurous come one, two birthday, famous poems, immortal art, poet poetry.

Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге
(М.Мақатаев)

Кіріспе бөлім: Халқының сүйіспеншілігіне бөленген, халқын талантымен баурап алған, дана да дара қазақ азаматы, ақын Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев еді. Ақынның анасының айтуына қарағанда, ақын жастайынан әдебиетке жақын болыпты. Өзінен алдыңғы аға буындардың шығармашылығын оқып, танысып, әдебиет өнеріндегі өзінің алғашқы қадамдарын басыпты. Бұл кезде жас ақын небәрі он үш, он төрт шамасында болыпты. Ақын өзінің бір сөзінде «Иә, мен әдебиетті жақсы көремін. Мен үшін одан биік ештеңе жоқ» дейді. Бұл сөздер, ақынның әдебиетке болған құштарлығының дәлелі. Тағдырдың тауқыметіне байланысты ерте ер жетіп. Балалық шағымен қоштасуға мәжбүр болып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Соғысқа кетіп, қайтып оралмаған әкесінің өсиетін орындап әжесімен анасына сондай-ақ, бауырларына бас-көз болып, қамқорлығын көрсетеді. Сонымен қатар, оқу білімдегі үлесін қалдырмай, білім алып, ізденуді тоқтатпайды. Өз мойнындағы үлкен жауапкершілікті сезініп, ерте есейген, бір үйдің асырап, бағып қағушысы, бір күн келіп әдебиет дүлділіне айналады.

Негізгі бөлім: Оқырман сүйіп оқитын, өлеңдер мен әңгімелердің, поэзиялар мен пьеселардың авторы Мұқағали Мақатаев Сүлейменұлы. 1931 жылы ақпанның тоғызыншы жұлдызында Алматы облысында қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның туылған күніне келер болсақ, бұл күнде ақынның екі туылған күні атап өтіледі.

Бірі наурыздың сегізі. Мұқағали Мақатаевтің анасы Нағима апай бір сөзінде былай дейді «Мұқағалиым наурыздың сегізінде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес, өйткені, балам мнау фәнидің есігін ашқаннан біраз кейін Наурыз тойы болады, Наурыз көже жасаймыз деп жүргенбіз». Ал екіншісі, тоғызыншы ақпан, бұл, құжжат бойынша. Ақынның бұл туылған күніне «Мұқағали Мақатаев» атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, ақын Оразақын Асқар мынадай пікір айтқан «Ақынның бұл тұылған күні тек құжжат бойынша, себебі ақын өзінің күәлігін ес білген соң, сол кездегі сайлау науқанына қатысу мақсатында жаздырып алған» дейді.

Ал Мұқағалидің шын есімі яғни азан шақырылып қойылған есімі Мұхамметқали. Бірақ ақынның ата- анасы пайғамбар есімімен жүру ауыр тиеді деген ниетпен, жас күнінен Мұқағали деп атап кетеді. Жанұясында әкесі Сүлеймен қарпайым шаруа адамы болған, анасы Нағима үйде отырып, бала тәрбиесімен шұғылданған. Мұқағали Мақатаевтің өзінен кейін, бір қарындасы үш інісі болған. Өкінішке орай қарындасы мен алғашқы інісі ерте бақилық болып кетеді. Ал кейінгі бауырлары Тоқтарбай мен Көрпеш ағалары Мұқағалидің панасында өседі. Алғашында қазақтың салт-дәстүріне байланысты, үйдің тұңғыш перзенті Мұқағали әжесі Тиынның тәрбиесін алады. Ақынның балалық шағы соғыс дәуірімен қатар келгендіктен, тағдырдың ащы, тәтті дәмін ерте татады. Сол себептіде ақын өзінің бір сөзінде «Неңді сені аңсаймын, бала шағым? дейді. Әкесі 1941 жылы соғыс майданында қаза табады. Мұқағали Мақатаев әкесінен айырылған кезде 10 жаста еді. Ал өмірдің бар ауыртпашылығы, балалық шағымен мен қоштасқысы келмеген жасөспірімнің иығына түсті. Тағдырдың жазғанына қарсы шығып, күресіп жүргенде 1941 жылы Нарынқолдағы мектеп интернатын бітіреді. Онан соң, Мемлекеттік университеттің филология факультетіне, одан кейін, Шет тілдер институтына және тағы да, Қазақ мемлекеттік университетіне, заң бағыты бойынша оқуға түседі. Бұл оқу орнын бітірген соң, Мәскеу қаласындағы Максим Горький атындағы әдебиет институтының студенті атанады, өкінішке орай, отбасының

мәселесіне байланысты, бір жылдан соң, қайтып келеді. Осылайша, 1949 жылы, көктемде, он жеті жасында отау құрады. Жұбайы Лашын Әлімжанова сол кезде жиырма бір жаста еді. Екеуі бірге қызмет етіп жүргенде, Шибұт ауылында танысады. Осы кезден бастап, поэзияның символына айналған Мұқағали Мақатаев махаббат өміріндегі атақты өлеңдерін жаза бастады. Ерте ерлі-зайыпты атанған Мұқағали мен Лашын Ләззат, Алмагүл, Майгүл, Жұлдыз, Шолпан, Айбар есімді перзенттерді тәрбиелеп, өсіреді. Мұқағали Мақатаев ауылда жүріп, кеңес хатшысы ретінде қызмет атқарады. Сол кезден бастап, ақынның өлеңдері, шығармалары халық көңілінен шыға түсті. Ақынды бұл шабыттандыра түсті. Ол бірнеше газет баспасында диктор қызметін атқарды. Сонымен қатар, ауыл мектебінде орыс тілінен сабақ берді. Шәкірт дайындады. Еңбегі ереулі ақын 1962 жылы, арнайы шақыртумен Алматы қаласына отбасымен көшіп келді. Бұл шақыртудың иесі, ақынның өлеңдерін оқып, танысқан Әбділдә Тәжібаев еді. Мұқағали Мақатаевтен жақсы ақын шығады деген сеніммен, ол бұл шақыртуды ұсынған болатын. Көшіп келген ақынның кәсіби қызметі әдебиетпен тығыз байланысты болады. Әдебиет саласында жиырма бес жылға жуық жұмыс жасаған ақынның, мыңнан астам өлеңдері жарық көрді. Ақын әрқашанда поэзияға деген тұрақтылықтан бас тартпады. Алматыда өткізген азғана уақыт ішінде ақын өнері шоғырлана түсті. Ақын қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. Нәтижесінде 1964 жылы «Ильич», 1966 жылы «Қарлығашым келдің бе?», 1970 жылы «Мавр», 1973 жылы «Аққұлар ұйықтағанда», 1976 жылы «Шұағым» атты өлең жыр жинақтарын, көзінің тірісінде жариялап үлгерді. Поэзиядағы алғашқы қадамдары, ақынның тұңғыш өлеңдері. Олар сол кездерде, газет беттерінде жарық көрген «Қырман басында», «Қойшы бала-Әкітай», «Інімнің ойы», «Шебер» атты туындылары еді. Ал прозалық туындыларынан «Дариға жүрек», «Соғады жүрек», «Өмір өзен», «Жырлайды жүрек», «Өмір-дастан», «Қош махаббат» атты кітаптары басылып шықты. Мұқағали Мақатаевтің шығармалары көркемдік ерекшеліктері жағынан, ерекше көзге түсті. Ақын поэзиясы шыңдалған шыңнан көріне берді. Поэзияның

нағыз көрнекілігіне айналған өлеңдері, ақынды бар халыққа танытты. Оқырман жүрегінен орын алар, еңбектері ақынның заты өлседе, атын өлместей етті.

Қорытынды бөлім: Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев «Поэзия сен менімен егіз бедің?» деп поэзияның символына айналды. Өз заманында, өзіне лайық бағасын ала алмады. Бірақ қазақтың біртуар, мұзбалақ, ақиық ақыны бола білді. Сондай-ақ, өмірдің барлық сапасы қамтылған, қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің таңдайынан төгілгендей мінсіз, жүрекпен тіл табыса аларлықтай, өлмес өнер поэзияның үлгілерін, оқырманға мирас етті. Бұл күнде Мұқағалидің поэзиясы сүйідіріп те, күйдіріпте жүрекпен ұғынатын поэзиялық туынды. Ақынның осындай, ғажап, өлмес өнерінің арқасында туындаған әрбір сөзі, жүректен орын алады. Жүректен орын алған, әрбір сөзі ақынның атын өлместей етіп келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Б.Тоғысбаев «Тарихи тұлғалар» Алматы 2009 жыл
2. З.Қабдолов «Қазақ Әдебиеті» Алматы 2006 жыл
3. «Аңыз адам» журналы 15 ақпан, 2011 жыл